С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.141-143

ТЕРРИТОРИЯНЫ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ МАҚСАТЫНА РЕСУРСТЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ БОЙЫНША АЙМАҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Даутов М.

Жерге орналастыру қоғамдық өндірістің өндіргіш күштерін орналастыра отырып, территорияны өз қажеттіліктеріне табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторлары бойынша аймақтауды талап етеді.

Бұл жобалық міндетті жүзеге асыру үшін зерттеуге тартылған аймақтың ресурстік потенциалын, демек оның агробиологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бағалау қажет. Осының негізінде қарастырылып отырған территория кешенді ресурстік потенциалы бойынша аймақталуға тиісті. Аймақтау жөніндегі әдістеме алдымен жерге орналастырудың шаруашылықаралық түріне қатысты және соңғысының мақсатына жүргізілуге тиісті. Оның шеңберінде, жерді үлестірумен және басқа да оның міндеттерімен қатар, карастырылатын аса маңызды мәселердің бірі – ауылшаруашылық кәсіпорындарының жер учаскелерін тиімді орналастыру және аграрлық саланың өндіргіш күштерін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тұрғыдан дұрыс жайғастыру болып табылады. Бұл ауылшаруашылық өндірістің жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қарастырылып отырған проблеманы ойдағыдай шешу үшін жерге орналастыру жұмыстарын жүргізудің алдында территорияны, оның кешенді ресурстік потенциалын жан-жақты бағалай отырып, аймақтау керек. Оның басты мақсаты белгілі бір өңірдің ауылшаруашылық өндірісін жүргізуге, жеке өнімдерді өндіруге жарамдылығын анықтай отырып, шаруашылықаралық жерге орналастыру барысында жайғастырылатын аграрлық өндірістің және сол аймақтың инфрақұрылымдық жабдықталуының барлық элементтерін барынша тиімді орналастыру. Территорияны, оның жалпы ресурстік потенциалын ескере отырып бағалау арқылы аймақтаудың нәтижесінде, шаруашылықаралық жерге орналастыру жұмыстарын жүргізудің негізі жасалады.

Территорияны агробиологиялық және әлеуметтік-экономикалық потенциалы бойынша аймақтау екі өзара тығыз байланысты жобалық міндеттерді орындауды қамтиды. Біріншісі – агробиологиялық аймақтау, екіншісі - әлеуметтік-экономикалық аймақтау. Аталған міндеттерге сәйкес территорияның табиғи-климаттық және экономикалық жағдайлары кешенді түрде бағалануға тиісті. Зерттеліп отырған ғылыми-әдістемелік міндетті жүзеге асыру барысында территорияның ауылшаруашылық өндірісінің жалпы тиімділігіне, оның бәсекелестік қабілеттілігіне әсер ететін факторлар

ескерілуге тиісті. Соңғылары талдана отырып, арасынан ең маңыздылары айқындалады.

Ең басты фактор территорияның *табиғи-климаттық* жағдайлары, ал солардың арасында – топырақтың құнарлылығы мен түсетін жауын-шашын көлемі. Олар ауылшаруашылық өндірісінің нәтижелерін орташа алғанда 75% мөлшерінде себептейді екен.

Агроөндірістің экономикалық тиімділігі, табиғи жағдайлармен қатар, аса жоғары деңгейде *әлеуметтік-экономикалық* факторлардан байланысты. Соңғыларына елді мекендер жүйесінің сипаты, олардың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарымен жабдықталуы және т.б.

Аталғандардың арасында аса маңызды фактор – кәсіпорындарының өнім тапсыру және сервистік орталықтарынан орналасу қашықтығы. Бұл ауылшаруашылық өндірістегі шығындардың едәуір бөлігін транспорттық шығындары құрайтынына байланысты. Олар ауылшаруашылық өндірістің кеңістікте бытыраңқы орналасуымен себептеледі.

Талданып отырған негізгі көрсеткіштер ескеріле отырып, агробиологиялық және әлеуметтік-экономикалық аймақтау жүргізіледі.

Осы істе аса күрделі агробиологиялық және әлеуметтік-экономикалық аймақтау нәтижелері қабыстырыла отырып, территорияны кешенді ресурстік потенциалы бойынша аймақтау.

Жерге орналастыру мақсаттарына территорияны аймақтау және осының негізінде оның жобалық міндеттерді жүзеге асыру келесідей жүйелілікте жүргізілуге тиісті:

1) территорияның агробиологиялық потенциалын бағалау мақсатымен ауылшаруашылық өндірістің экономикалық тиімділігіне ықпал жасайтын *табиғи* факторларды анықтап талдау;

2) территорияның *экономикалық* потенциалын бағалау мақсатымен ауылшаруашылық өндірістің тиімділігіне ықпал жасайтын әлеуметтік-экономикалық факторларды анықтап талдау;

3) территорияның кешенді ресурстік потенциалын анықтау;

4) территорияны кешенді ресурстік потенциалы бойынша аймақтау;

5) ауылшаруашылық кәсіпорындарды аймақтау схемасының негізінде орналастыру;

6) әдістемелік ұсыныстарды техника-экономикалық тұрғыдан негіздеу.

Жоғарыда келтірілген әдістемелік реттілік елдің барлық аймақтарында қолдануға келеді.

Әдебиет тізімі

1. Гендельман М.А., Қырықбаев Ж.Қ. Жерге орналастырудың және кадастрдың ғылыми негіздері - Астана, «Фолиант», 2004 ж. 152 б.

2. Қырықбаев Ж.Қ., Problem of the proliferation of private land ownership appointments in the republic of Kazakhstan and methodological basis of certification - София, // Материали за X Международна научна практична конференция, Том 13, 2014